

**Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің
биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту
мен пайдалану жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 қыркүйектегі N 1350. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі агенттігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі агенттігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 қыркүйектегі
N 1350 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі агенттігі (Экобиоресурсминінің Мемэкологбақылау мен биоресурстар жөніндегі агенттігі) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту

мен пайдалану жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) биологиялық ресурстарды қорғауға, ұлғайту мен пайдалануға экологиялық бақылау жасау саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады. Арнайы, атқарушылық және ведомство үстінен бақылау-қадағалау функцияларын дербес жүзеге асырады және өзіне жүктелген міндеттерді Экология және биоресурстар министрлігінің құзыреті шегінде орындайды.

Агенттіктің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болады.

2. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Агенттік заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

4. Агенттік аппаратын ұстауға кететін шығыстарды қаржыландыру, республикалық бюджетте, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

II. Негізгі міндеттер

Агенттіктің негізгі міндеттері - қоршаған ортаның жай-күйіне және оның шаруашылық және өзге де қызметтің ықпалынан өзгеруіне бақылауды ұйымдастыру, мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстар ұлғайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар жоспарының орындалуын, табиғат қорғау заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінің, Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімдер мен конвенциялардың талаптарының орындалуын тексеру болып табылады.

III. Функциялары

Өзіне жүктелген міндеттерге және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
А г е н т т і к :

1) табиғат ресурстарын қорғау мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды, оның ішінде мыналарды:

қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын қорғау мен пайдалану саласындағы мемлекеттік кадастрлар мен есепті жүргізуді;

тұрақты және көшпелі ластану көздерінен шығарылымдар нормаларын, атмосфералық ауаны қорғау, атмосфералық ахуалды жасанды өзгертуге бағытталған әрекеттерді жүргізу жөніндегі ережелерді сақтауды;
жерлерді ластану мен қоқыстанудан қорғауды;

қоршаған табиғи ортаға шығарымдардың, тастандыларды талдауды ұйымдастыру мен жүргізуді;

экологиялық талдау жұмыстарын метрологиялық қамтамасыз ету мен аттестациялауды;

кәсіпорындар мен ведомстволардың табиғатты қорғаудың талдау қызметтерінің жұмыстарын;

қорықтардың, қорғалымдардың, басқа да қорғалатын аумақтар мен сирек кездесетін ландшафттардың табиғат қорғау режимінің сақталуын;

жер учаскелерінің иелері мен жерді пайдаланушылардың өндірістің табиғатты қорғау технологияларын ұтымды пайдалануына, шаруашылық қызметінің нәтижесінде қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілуіне және экологиялық ахуалдың нашарлауына жол бермеу мақсатында, олардың: топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен сақтау жөніндегі ұйымдастырушылық-шаруашылық, агротехникалық, орман-мелиорациялық және гидротехникалық шаралар кешенін дұрыс жүргізуін;

жаңа және қайта жаңартылған үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастырған және пайдалануға берген кезде экологиялық талаптардың қамтамасыз етілуін;

топырақтың құнарлы қабатын алуды, сақтау мен пайдалануды;

пайдалы қазбалардың, өнеркәсіптік қорларының жасалуына қарай босатылған немесе басқа да процестер мен жұмыстардан бүлінген жерді мақсатына сәйкес онан әрі пайдалану үшін жарамды қалпына келтіруді (бүлінген жерді қайта қопсытуды). Жердің құнарлы қабаты қалпына келмейтіндей етіп жойылған және сапалық жағдайы нашарлаған жағдайда, жер ресурстарына келтірілген зиян айқындалып, тиісті санкциялар қолданылады;

өндіріс қалдықтарын пайдалану, сақтау, тасымалдау, орналастыру және оларды тұтыну кезінде, сондай-ақ материалдарды, заттарды, оның ішінде биологиялық, қауіпті қалдықтарды және химияландыру құралдарын тасымалдағанда табиғатты қорғау талаптарының орындалуын;

өсімдіктер ресурстарын қорғау мен пайдалануды;

дәрілік тағамдық және техникалық өсімдік шикізатын пайдалану лимиттерінің белгіленген тәртіппен пайдаланылуын, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар жобалар мен материалдардың негізінде бекітілген лимиттер мен квоталарға сәйкес оларды дайындауға рұқсат беруді;

заңды және жеке тұлғалардың су заңдарының экологиялық талаптарын сақтауын және су қорғау шараларын дер кезінде орындауын;

су шаруашылығы жүйелерін және су қоймаларын, ірі гидротораптарды пайдалану ережелерінің орындалуын;

жануарлар дүниесін, балық қорларын қорғауды ұлғайту мен пайдалануды

және балық аулауды реттеуді, өнеркәсіптік аң аулау, спорттық-әуесқойлық аң және балық аулау ережелерінің, аң мен балық шаруашылығын жүргізу тәртібінің о р ы н д а л у ы н ;

балық-су-мелиоративтік жұмыстарының жүргізілуін, балықтар мен жемдік организмдердің жерсіндірілуін, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар материалдардың негізінде кәсіпшілік балықтардың қ ұ р т ш а б а қ т а р ы н қ ұ т қ а р у д ы ;

ғылыми, мәдени-ағартушылық және өзге де мақсаттарда жабайы аңдардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін аулауды, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар материалдардың негізінде жабайы аңдарды, олардың бөліктері мен туындыларын республикаға әкелу мен ә к е т у д і ;

жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарының зоологиялық коллекцияларын жасау ережелерінің орындалуын;

ірі гидротораптар мен гидроэлектростанцияларының бөгеттері жанындағы балық жүргізетін және балық өткізетін басқа да құрылғылардың жұмыс т а л а п т а р ы н ы ң о р ы н д а л у ы н ;

су шаруашылығы су тоғандарында орналасқан, жұмыс істейтін барлық бас сағалардың е с е б і н жү р г і з у д і ;

барлық балық шаруашылығының, сутоғандарында ихтологиялық байқаулар ж ү р г і з у д і ;

табиғат пайдаланушыларда табиғат ресурстарын пайдалануға келісімнің және р ұ қ с а т қа ғ а з д а р д ы ң б о л у ы н ;

әскери ведомстволардың қарауына жататындарын қоса алғандар, республиканың бүкіл аумағындағы жабайы аңдар мекендейтін жерлердегі және олардың қоныс аудару жолдарындағы, балық шаруашылығы су тоғандарындағы (учаскелеріндегі) шаруашылық қызметі кезінде (өсімдіктерді сақтау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды қолдану) жануарлардың қырылуын болғызбау жөніндегі шараларды заңды және жеке тұлғалардың орындауын заңдарда б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н ;

жануарлар дүниесі объектілерін алудың белгіленген тәртібін заңды және жеке т ұ л ғ а л а р д ы ң о р ы н д а у ы н ;

жануарлардың және оларды пайдаланудың мемлекеттік есебінің жүргізілуін, сондай-ақ таралым жайын есепке ала отырып, жабайы аңдардың жекелеген түрлерін аулауды шектеуді немесе оған тыйым салуды;

жабайы аңдарды аулауға берілген рұқсат қағаздарда белгіленген шарттардың с а қ т а л у ы н ;

ғылыми, селекциялық және шаруашылық мақсаттарға, сондай-ақ олардың санын ретке келтіріп отыру мақсатында жабайы аңдарды аулауға қойылатын заң

талаптарының сақталуын;

қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі талаптардың нормативтік-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік экологиялық бақылау қызметтерінің жұмысын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайда және тәртіппен тауарлардың экспорты мен импортына лицензиялар беру туралы шешімдерді келіседі;

3) жабайы жануарларды есепке алуды ұйымдастыруға белгіленген тәртіппен қатысады;

4) қоғамдық бірлестіктермен қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында өзара іс-қимыл жасайды;

5) ведомстволық бағынысты бөлімшелерді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді;

б) табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекцияларды даярлауды, қайта даярлауды ұйымдастырады, үздіксіз экологиялық бақылау жүйесін дамытуға жәрдемдеседі.

IV. Құқықтары

Агенттіктің өз өкілеттіктерінің шеңберінде мыналарға құқығы бар: министрліктерден, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдарынан, сондай-ақ лауазымды адамдардан Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстарды қорғау мәселелері жөнінде, сондай-ақ олардың табиғатты қорғау заңдарының талаптарын орындау мәселелері жөнінде қажетті ақпаратты алу, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистикалық агенттігімен келісе отырып, қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік есепке алу мен есептілік жүйесінің тәртібі мен талаптарын белгілеу;

өз құзыреті шегінде табиғатты қорғау талаптарын бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдану, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын кәсіпорындардың, құрылғылар мен объектілердің жұмысын шектеу мен уақытша тоқтату, оларды іске қосуға тыйым салу, шаруашылық және өзге қызметті шектеу немесе уақытша тоқтату туралы ұйғарымдар шығару немесе осы қызметті тоқтату туралы ұсыныс енгізу;

табиғатты қорғау заңдары талаптарының бұзылуы туралы істер жөніндегі сот қаралымдарында талаптар қою және талапкер болу;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, қорықтарда, қорғалымдарда, ұлттық және табиғи парктерде, айрықша қорғалатын басқа да аумақтарда табиғатты қорғау заңдарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

белгіленген тәртіппен көлік құралдарын ұстау және қарау, тәртіп бұзушылықтың қаруы болған затты, заңсыз алынған өнімді, оның ішінде балық өнімін алып қою, олардың кім екенін айқындау және хаттама жасау үшін тәртіп бұзушыларды тиісті органдарға алып келу;

мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындыларын есепке ала отырып, арнайы су пайдалануға, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша экологиялық жағынан қауіпті заттарды және табиғат ресурстарының жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасына әкелу мен одан әкетуге жыл сайынғы рұқсат қағаздардың берілуін келісу;

ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін балықтардың жыртқыш түрлерін, ұстауға, жерсіндіруге, балықтандыруға, балық өсіруге, бақылау мен жаппай аулауға, қырылып кету қаупі бар су тоғандарынан балықты аулап алу үшін белгіленген тәртіппен балық аулауға рұқсат беру. Балық аулаудың белгіленген режимінің негізділігін растау және балық қорларын ұтымды пайдалану жөнінде ұсынымдар жасау мақсатында тексеру тұрғысынан аулау жүргізу;

әуесқойлық және спорттық балық аулауға бақылау жасау;

аң шаруашылығын жүргізу құқықтарын беру және аңшылық жерлерді бекітіп беру, балықты және басқа да су жануарларын кәсіптік аулауға құқық беру және балық шаруашылығы су тоғандарын бекітіп беру туралы ұсыныстарды әзірлеуге қ а т ы с у ;

сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің қырылуы мен санының азаюына, олардың мекендеу ортасының, палеобиологиялық қалдықтардың орналасқан орындарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін іс-қимылдарға белгіленген тәртіппен тыйым салу;

шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне, қоршаған ортаға зиянды заттарды тастау мен шығаруға лицензиялар беру, Қазақстан Республикасы белгіленген тәртіппен, табиғат пайдалануға рұқсат беру;

коллекциялық мақсаттар үшін (палеобиологиялық жиналымдарды қоса алғанда) жануарларды ұстауға өз құзыретінің шегінде рұқсат беру;

ауыл шаруашылығына арналған және мемлекеттік жер қорындағы жерлерде жабайы өсімдіктерді, олардың бөліктері мен тұқымдарын тағамдық мақсаттар үшін, дәрілік және техникалық шикізат ретінде, сондай-ақ басқа да мақсаттарға д а й ы н д а у ғ а р ұ қ с а т б е р у ;

Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген жабайы өсімдіктер мен олардың бөліктерін, сондай-ақ жердің барлық санатындағы қылша мен мияны алуға белгіленген тәртіппен рұқсат беру;

жұмыстарды жүргізгенде жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану, жануарлардың мекендеу ортасын, олардың көбею жағдайы мен қоныс аудару жолдарын сақтау жөніндегі ережелер, нормалар мен өзге де талаптар бұзылатын жұмыстарды тоқтату;

мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында меншік және бағыныстылық нысандарына қарамастан ұйымдар мен басқа да объектілерге (оның ішінде белгіленген тәртіппен әскери және қорғаныс объектілеріне) бөгетсіз кіру (қызметтік куәліктерін көрсетіп);

табиғат ресурстарын пайдалануға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияларда белгіленген шарттардың орындалуын, табиғат пайдалануға арналған шарттардың (келісім-шарттардың) және рұқсаттардың орындалуын тексеру, оларды белгіленген тәртіппен жою, оларды жою туралы ұйғарымдар беру немесе ұсыныстар енгізу;

кұрылысты қаржыландыруды және объектілерді пайдалануды, экологиялық талаптарды бұза отырып немесе экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз жүзеге асырылған шаруашылық және өзге де қызметті тоқтату туралы тиісті қаржы-несие ұйымдарына ұйғарымдар енгізу;

қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы құқықтық және нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу мен жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысу;

қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен болжамдарының жобаларын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

зандарда белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

өз құзыретінің шегінде халықаралық экологиялық ұйымдармен, шетелдік заңды тұлғалармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру мен жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы қабылдаған келісімдер мен конвенцияларды, басқа да экологиялық бағдарламалар мен жобаларды орындау жөніндегі мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысу.

Табиғатты қорғау саласында мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын адамдар айырым белгілері бар пішімді киіммен және бірыңғай үлгідегі қызметтік куәліктермен қамтамасыз етіледі, міндетті сақтандыруға жатады, белгіленген тәртіппен және қаза болған немесе мертліккен жағдайда зиянды өтеп алуға құқылы.

Қоршаған ортаны қорғау саласында бақылау жасайтын адамдар заңдарда көзделген жағдайларда арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқылы.

V. Жұмысты ұйымдастыру

Агенттікті Директор басқарады, ол сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады оны, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Директордың орынбасары болады, оны Агенттік Директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Агенттік Директоры Агенттіктің жұмысын ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

Осы мақсатта Агенттік Директоры:

өз орынбасарының және Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік деңгейін белгілейді;

Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен орынбасарлары (облыстық, ауданаралық және аудандық деңгейдегі) қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

тәртіптік жазалар қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, Агенттікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдары мен штаттарын, сондай-ақ олардың е р е ж е л е р і н б е к і т е д і ;

өз құзыретінің шегінде, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттікті білдіреді;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігіне құрылымдық бөлімшелерді құру немесе тарату туралы ұсыныстар жасайды; өз құзыретіне жатқзылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Агенттік директоры болмағанда оның функциясын орынбасары атқарады.

Агенттіктің штат санын Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі белгілейді және бекітеді.

Агенттікті тарату мен қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 қыркүйектегі
N 1350 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар
министрлігінің биологиялық ресурстарды мемлекеттік
экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен пайдалану
жөніндегі агенттігінің карауындағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

Республикалық мамандандырылған талдамалы бақылау лабораториясы
Балық қорларын сақтау және балық аулауды реттеу жөнінде Зайсан-Ертіс
облысаралық бассейндер басқармасы

Балық қорларын сақтау және балық аулауды реттеу жөнінде Іле-Балқаш
облысаралық бассейндер басқармасы

Балық қорларын сақтау және балық аулауды реттеу жөнінде
Орал-Каспий облысаралық бассейндер басқармасы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Ақмола
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Ақтөбе
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Алматы
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Атырау
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Шығыс
Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Жамбыл
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Батыс
Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Қарағанды
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Қызылорда
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Қостанай
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Маңғыстау
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Павлодар
облыстық мемлекеттік инспекциясы

Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Солтүстік

Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы
Жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі Оңтүстік
Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК